

Мейрбаев Б.Б., Жорабек Ж.Г.

**Исламдағы құқықтық  
доктриналардың шығуы  
және ерекшеліктері**

Қазақстан егеменді, тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүріп келе жатқанына жиырма бес жылдай уақыт болды. Осы жылдар уақытында қоғамымыздың барлық салаларында дерлік терең, әртүрлі өзгерістер орын алды. Қазақстан ел болып еңсесін көтерді. Халықарлық деңгейде өзінің бәсекелес болуға қабілеттілігін көрсетіп келеді. Тарихтың тереңіне кеткен рухани мұра туындылары қайта жаңғырып, өзінің лайықты мұрагерлерін тапты. Дегенмен қоғамда орын алып отырған мәселелер де жоқ емес. Қазақстандағы қазіргі діни ахуалдың күрделі әрі сан-саналы екендігі деректерден белгілі болып отыр.

Тарихи тұрғыдан Қазақстан мұсылмандары сүнниттік исламдағы ханафи мазһабын ұстанып келеді. Бұл бағыт өзінің жергілікті салт-дәстүр мен әдет-ғұрып нормаларына төзімділігімен ерекшеленеді, сондай-ақ қалыптасқан әлеуметтік қатынастарды есепке алып санасатын мазһаб. Ханафи мазһабының дәстүрлі діни философиялық тұғырларын аша отырып, біз халық руханилығының тереңдеріне бойлай аламыз және әлеуметтік, рухани өмірдегі құбылыстарды дұрыс түсінуге қол жеткіземіз. Ханафи мазһабы тек исламдағы жетекші құқықтық мектеп қана емес, сонымен бірге осы мазһабтың өкілдері «ақида» мәселелерін түсіндіру арқылы сүнниттік кәламның қалыптасып жүйеленуіне өз үлестерін қосқан. Ханафиттік ақидалық көзқарастарды Имам Матуриди және оның ізбасарлары жалғастырып, одан әрі дамытқан.

**Түйін сөздер:** Әбу Ханифа, мазһаб, иjtihad, кәлам, сунна, ақида.

Meirbaev B.B., Zhorabek Zh.G.

**The appearance of part  
Highlights legal doctrines  
in Islam**

For about twenty-five years of independence, sovereign Kazakhstan. Over the years there have been various changes in all sectors of society. Kazakhstan rose to his feet as a state. Featuring its competitiveness at the international level. Spiritual values rooted far back in time are worthy descendants. But, despite all this, in a society still problems requiring attention. From contemporary sources known to the complexity and importance of religious issues in Kazakhstan.

From history known fact that Kazakhstan's Muslims follow the teachings of the Hanafi Sunni Islam. This trend is characterized by its local customs and habits, norms, and these teachings take into account the relationship that took place in the society. Expanding the traditional religious philosophy Hanafi teachings, we try to understand the phenomena of social, spiritual worlds, as well as the depth of the people's spirit. Hanafi teachings are not only the dextrorotatory school, as representatives of this doctrine, explaining the issues "Aqeedah", have made a significant contribution to the systematization and formation of Sunni kalyam. Hanafi views to "akida" were continued by Imam Maturidi and followers.

**Key words:** Abu Hanifa, mazhab, ijti had, kalam, sunnah, akida.

Мейрбаев Б.Б., Жорабек Ж.Г.

**Появление и осбенность  
правовых доктрин в исламе**

Уже около двадцати пяти лет независимому, суверенному Казахстану. За эти годы во всех отраслях общества имели место различные изменения. Казахстан встал на ноги как государство, показывая свою конкурентоспособность на международном уровне. Духовные ценности, уходящие корнями далеко в прошлое, находят достойных потомков. Но, несмотря на всё это, в обществе остаются проблемы, требующие к себе внимания. Из современных источников известна сложность и значимость религиозных проблем Казахстана.

В частности, известен тот факт, что мусульмане Казахстана следуют учениям Ханафи в Суннитском исламе. Это течение отличается своими местными обычаями и нормами привычек, также эти учения учитывают состоявшиеся взаимоотношения в обществе. Раскрывая традиционные религиозные философии учений Ханафи, мы стараемся понять явления социального, духовного миров, а также глубину народного духа. Учения Ханафи являются правовращающей школой, также представители этого учения, объясняя вопросы «ақида», внесли существенный вклад в систематизацию и становление суннитского каляма. Ханафитские воззрения на «ақиду» продолжили Имам Матуриди и его последователи.

**Ключевые слова:** Абу ханифа, мазһаб, иjtihad, кәлам, сунна, ақида.

**ИСЛАМДАҒЫ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ  
ДОКТРИНАЛАРДЫҢ  
ШЫҒУЫ ЖӘНЕ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мағынасы мен мазмұны жағынан алғанда, әртүрлі салаларда қарастырылатын мәселе болғандықтан «адам құқықтары» көптеген мәселемен байланысты ұғым болып табылады.

Сондықтан адам құқықтары жайлы қозғалған мәселелердің санын анықтау мүмкін емес. Адам құқықтарымен байланысты жұмыстарға параллель түрде күн сайын жаңа нәрселердің адам құқықтары ретінде саналуымен қатар, адамшылдықтың қоғамдық деңгейдегі даму үдерісіне байланысты адам құқықтарында да даму мен өзгерістердің орын алуы адам құқықтарының ұғымдық шеңбер деңгейін айқындауды қиындатып отыр. Осы тұрғыда Jack Donnelly тарапынан «тұлғаның адам болғаны үшін ие болған құқықтары» деп айтылған анықтама адам құқықтарына қатысты кең тараған әрі қабылданатын анықтама болып табылады.

Негізінде бұл анықтама жалпы алғанда адам құқықтарының шеңберін көрсетеді. Яғни, бұл анықтамаға қарағанда тілі, діні, нәсілі және жынысы қандай болса да әрбір адамның пайдалануы тиісті құқықтары бар.

Ұғым және мазмұн ретінде заманауи сипат алған адам құқықтары жайлы мәселе Батысқа тән ұғым болып, ағартушылық кезеңнің жемісі болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымы бүкіл әлем бойынша адам құқықтары туралы келісім қабылдап, оны қолданысқа енгізген.

Сонымен бірге жеке өз алдына атауы болмаса да адам құқықтары жайлы мәселе адамзат тарихы секілді ежелден бастау алады. Бұл жерде адам құқықтары жайлы мәселе Батыстан шыққан немесе Исламнан бастау алады деп пікір таластырмай-мыз. Бірақ, мына нәрсені айта кетуіміз керек. Тарих сахнасында Ислам дінінің адам құқықтары жайлы мәселеге үлкен мән беріп, адам құқықтарының тапталуына жол бермей, керісінше оның бірінші кезектегі мәселелердің қатарында орын алуын қамтамасыз еткендігі белгілі. Адам құқықтары жайлы мәселе мазмұн жағынан алғанда Батыстан бұрын Исламмен бірге пайда болып, қоғам өміріне енгізілді.

Хз. Пайғамбардың Мәдинаға хижрет еткеннен кейін ол жерде өмір сүріп жатқан әртүрлі нәсіл және дін өкілдерімен жасаған Мәдина келісімі, Араб түбегінің оңтүстігінде тұратын христиан Нәжран халқының жіберген елшілерімен жасаған

келісім, сондай-ақ Хз. Пайғамбардың қайтыс болмай тұрып 3 ай бұрын хижреттің 10-шы жылы қажылық міндетін орындауға келген адамдарға Меккенің Арафат жазығында тұрып айтқан Веда қоштасу хұтпасы адам құқықтары мәселесі жайлы маңызды принциптерді қамтиды. Сонымен бірге бұл жағдай мұсылмандардың алғашқы тәжірибелерін де көрсетеді.

Бұл мәселеде мынаны айта кеткен жөн: Исламның құқық және саясат философиясының негіздерін құрайтын Құран мен Сүннет адам құқықтары доктринасының жүйе, теория жалпы шеңберін қалыптастырды. Осы негіздердің төңірегінде қалыптасқан Ислам мәдениеті адам құқықтары доктринасының дамуына үлкен үлес қосты [1].

Ислам ғылым, ислам құқығы доктринасының қалыптасуында ерекше орын алатын Әбу Ханифаның иджтихаттары мұсылмандардың адам құқықтары жайлы мәселені жетілдіруіне үлес қосты. Әбу Ханифаның иджтихат әрекеттеріне қарайтын болсақ, мазмұны жағынан алғанда адам құқықтары мәселесі жайында өзге муджахиттерге қарағанда өте парасатты, ақылды түрде әрекет еткендігін көреміз.

Өмір сүру құқығы әр адамның туылғаннан бастап ие болатын құқығы болып табылады. Бұл адам құқықтарының ең басты элементі болып табылады. Өйткені адамның өмір сүру құқығы қауіпсіз етілмеген жағдайда адам құқықтарының басқа элементтері жайлы сөз қозғау мүмкін емес.

Өмір сүру құқығы Ислам дінінің ең көп мән берген, бірінші кезекке қойған ең негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Өмір сүру құқығын қауіпсіз ету деген мағынаға келетін «адам жанын қорғау» принципі негізгі бес қажеттіліктің басты принципі болып табылады.

Өмір сүру құқығына қол сұғу деген мағынаға келетін жазықсыз (нахақтан нахақ) түрде адам өлтіру әрекеті дінімізде харам етілген (Исра сүресі 33-ші аят) ең ауыр күнәлардың қатарына жатады. Құран Кәрімде «жазықсыз (нахақтан нахақ) түрде адам өлтірген адамның барлық адамды өлтіргенмен тең болатындығы» (Мәйда сүресі 32-ші аят) айтылып, адамның өмір сүру құқығына қол соғудың (қысым жасаудың) қаншалықты ауыр күнә екендігі атап көрсетілген.

Адам құқықтарының негізін құрайтын өмір сүру құқығы жайлы мәселе Әбу Ханифаның да аса ыждахаттылықпен алға тартқан мәселелерінің бірі болды. Оның иджтихат әрекеттерінен адам өмірі жайлы мәселелерге үлкен мән бергендігін айқын түрде көруге болады.

Мусул халқы Аббасид билеушілеріне қарсы бас көтереді. Бұл көтерілісті басқан кезде халифа Мансур олармен, көтерілісшілер келісім жасайды. Бұл келісім бойынша егер олар қайтадан көтеріліске шығатын болса, олардың қандары мен мал-мүліктері халифаға адал болып саналатын болады. Яғни, олар қайтадан көтеріліске шығатын болса, халифа олардың мал-мүліктерін тартып алып, өздерін өлтіретіндігін айтады. Бірақ, Мусул халқы хижри 149 (милади 765) жылы Аббасид билеушілеріне қарсы қайтадан көтеріліске шыққан кезде халифа Мансур өзінің жанына факихтерді ғылымшы-ғалымдар жинайды. Бұлардың арасында Әбу Ханифа да бар еді. Халифа Мансур келісім бойынша Мусул халқының қандары мен мал-мүліктерінің адал болып-болмайтындығы жайлы сұрайды. Факихтер келісімнің мазмұнының анық түсінікті екендігіне қарай отырып «оларды кешірсең кешірілгендердің қатарында боласың, ал егер оларды жазаласаң бұған олардың өздері кінәлі» – деп жауап береді. Ал, Әбу Ханифа қарсы болып «Сен күзіретіңе жатпайтын нәрсені олардан талап еткенсің, олар да өздерінің күзіретіне, құқығына жатпайтын іске уәде берген келісім жасаған. Сондықтан олардың қандары мен мал-мүліктері саған адал болмайды» – дейді. Осыған байланысты халифа Мансур, Мусул халқын жазалаудан бас тартады. Бірақ, бұл жағдай Әбу Ханифа мен Мансурдың арасына сызат түсіруге себеп болды. Әбу Ханифа адамның өмір сүру құқығына қол сұғуға болмайтындығын, тіпті адамның өзінің өмірін қиюға да құқығы жоқ екендігін айта отырып, келісімде мұндай шарттың болуы келісімді жарамсыз ететіндігін айтып осы қорытындыға келген [2].

Әбу Ханифаның пікіріне қарағанда, адамның өзін өлтіруіне риза болуы немесе рұқсат беруі кісі өлтіру әрекетін мубах етпейді, яғни адам өлтіруге болады деген мағынаны білдірмейді. Адамның өміріне қол сұғуға (адам өлтіруге) болады деген жағдай тек заңда көрсетілгенде ғана болады, яғни адам өлтіруге рұқсат беріледі. Адамның өзін өлтіруге рұқсат беруі адам өлтіруге болады дегенді білдірмейді. Ханафи құқықшыларының арасында адамның өзін өлтіруге риза болу, рұқсат беру жағдайының қылмыскерге берілетін жазаға әсер етуі жайлы мәселеде келіспеушілік туындаған. Әбу Ханифа, Әбу Юсуф және Имам Мұхаммед адамның өзін өлтіруге рұқсат беруін күдікті жағдай деп қабылдайды және «күдікті болған жазаларды алып тастандар, тағайындамандар» – деген хадиске сүйене отырып, қысас жазасының жасалған қылмысқа қарай берілетін

тура сондай жаза түрі орнына құн төлеу айыппұл салу жазасының берілуі, тағайындалуы туралы үкім айтады.

Мусул халқына қатысты жағдай сияқты бұл жерде де адамның өзін өлтіруге, өзіне қол салуға ешқандай құқығы жоқ екендігіне байланысты бұл рұқсат жарамсыз деп саналған. Содан кейін, бір жағынан адамның өмір сүру құқығына қол сұғуға болмайтындығы атап көрсетілсе, екінші жағынан да күдікті болған жағдайда қысас жасалған қылмысқа қарай берілетін тура сондай жаза түрі жазасын алып тастап, оның орнына жазаны жеңілдету жолын қарастыру керектігін атап көрсеткен.

Әбу Ханифаның бір мұсылманның мұсылман емес (зимми, өзге дін өкілі) адамды өлтіруі жайлы мәселеге қатысты ой-пікірлері оның адамның өмір сүру құқығы туралы мәселеге жан дүниесімен беріліп, барынша терең мән беретіндігін көрсетеді.

Мысалы: бір мұсылманның (мұсылман адамның) зиммиді (мұсылман емес адамды/өзге дін өкілін) өлтіргендігі жайында қандай үкім берілетіндігі, зиммиді өлтірген мұсылманға қысас жазасының жасалған қылмысқа қарай берілетін тура сондай жаза түрі беріліп-берілмеуі керектігі жайында муджтахиттер әртүрлі пікірлер айтқан. Имам Шафий, Саури және Ахмед бин Ханбал сияқты кейбір муджтахиттер қысас жасалған қылмысқа қарай берілетін тура сондай жаза түрі жазасының берілуі үшін өлген адам мен өлтірген адамның арасында теңдік, яғни екеуінің де бір діннің өкілі болуы керектігін айтқан. Мұсылман адам мен зиммидің, мұсылман емес адамның арасында дін жағынан тепе-теңдік болмауына байланысты зиммиді өлтірген мұсылманға қысас жасалған қылмысқа қарай берілетін тура сондай жаза түрі жазасының берілмейтіндігі жайлы пікірді алға тартқан. Сондай-ақ осы пікірлеріне сүйене отырып, Хз. Пайғамбардың «Кәпірге бола мұсылманды өлтіруге болмайды», – деген хадисін дәлел етіп көрсеткен [3].

Имам Малик және Ләйс сияқты муджтахиттер, зиммиді яғни мұсылман емес адамды мал-мүлкін тартып алу үшін ту сыртынан келіп өлтірмейінше мұсылманға қысас жазасының (жасалған қылмысқа қарай берілетін тура сондай жаза түрі) берілмейтіндігін айтқан.

Әбу Ханифа зиммиді өлтірген мұсылманға қысас жасалған қылмысқа қарай берілетін тура сондай жаза түрі жазасының берілуі керектігін алға тартады. Ол бұл пікіріне Хз. Пайғамбардың «зиммиді (яғни мұсылман емес адамды) өлтірген мұсылманға қысас жасалған қылмысқа

қарай берілетін тура сондай жаза түрін тағайындағанын және қарызын төлегенді ең көп қорғаған менмін» – деген хадисін дәлел етіп келтіреді.

Сонымен қатар муджтахит-ғалымдардың арасында қателікпен білместікпен өлтірілген зимми үшін қанша құн төленетіндігі жөнінде келіспеушілік пікірлер туындаған. Имам Малик зиммиге мұсылман емес адамға төленетін құнның мұсылманға төленетін құннан жарты есе аз болатындығын, яғни мұсылманға төленетін құнның жартысын құрайтындығын айтады. Имам Шафий де зиммиге төленетін құнды мұсылманға төленетін құнның жартысы деп атап көрсеткен. Басқа бір пікірге қарағанда, зимми үшін төленетін құнның мұсылманға төленетін құнның үштен бірін құрайтындығы айтылған. Ал, Әбу Ханифа зимми үшін төленетін құн мөлшерінің мұсылманға төленетін құн мөлшерімен бірдей болатындығын атап көрсеткен.

Зимми үшін төленетін құнның мұсылманға төленетін құнмен бірдей (тең) болмайтындығын айтқан ғалымдар өздерінің пікірлерін «Тозақтықтар мен жұмақтықтар тең емес», (Хашыр сүресі 20-шы аят) «Мүмин адам, бұзық адам сияқты бола ма?» «Әрине тең болмайды» – деген мағынадағы мұсылман мен мұсылман еместің тең еместігін айтқан аяттар мен «Мұсылмандардың қандары бір-біріне тең» – деген хадиске сүйене отырып, өздерінің пікірлерін дәлелдеуге тырысады.

Әбу Ханифа «Ал егер, өлтірілген мүмин сендермен олардың арасында келісім болған бір елден болса, өлгеннің иесіне құн тапсырып, әрі бір мүмин құл азат етуі керек» (Ниса сүресі 92-ші аят) – деген аятта берілген «отбасына төленетін құн керек» – деген сөздің толық құн төлеу мағынасын білдіретіндігіне немесе бұл жерде бұл мәселенің нақты бөліп-жарып көрсетілмегендігіне байланысты осындай қорытынды жасаған, яғни осы пікірді айтқан. Сонымен қатар ол өзінің пікірін Хз. Әбу Бәкір мен Хз. Омардың да дәл осы пікірді ұстанатын сөздерімен және Хз. Алидің «Біз олармен, олардың қандары біздің қандарымыз сияқты, мал-мүліктері біздің мал-мүліктеріміз сияқты болсын деп келісім жасастық. Олар да бізге сол үшін салық төледі» сөздерімен дәлелдей түседі.

Серахси «Мабсут» атты еңбегінде Ханафилердің сүйенген нақли дәлелдерін аят-хадистерін алға тартқаннан кейін бұл пікірдің ақылға сүйенген түсіндірмесін де жасауға тырысады. Ханафилер дүниеге қатысты кейбір үкімдерде мұсылмандармен зиммилердің тең екендігін

айтады. Құн төлеу қажеттілігінің бір елде тұру өмір сүру құқығына құрмет көрсетумен болатындығын, өмір сүру мәселесінде зиммилердің де мұсылмандармен тең екендігін, сондықтан зиммилердің мал-мүліктері құндылығы жағынан мұсылмандардың мал-мүлігімен қалай тең болса, олардың жандарының да мұсылмандардың жанымен тең болуы керектігін атап көрсетеді.

Зиммидің де мұсылман сияқты өмір сүру құқығына ие екендігін ойлауы Әбу Ханифаның осы пікірге келуіне ықпал еткен жағдайлардың бірі болып табылады.

Бостандықтағы адам құлдықтағы адамды әдейі өлтірген жағдайда, өлтірген адамға тағайындалатын жаза жөнінде Әбу Ханифа өзгелерге қарағанда өзгеше пікір айтады. Имам Малик, Имам Шафий, Ахмед бин Ханбал, Ләйс және Әбу Саур сияқты ғалымдар құлды өлтірген адамға қысас (жасалған қылмысқа қарай берілетін тура сондай жаза түрі) жазасының берілмейтіндігін алға тартса, Әбу Ханифа өлтірген өзінің құлы болмаса өлтірген адамға қысас, яғни тура сондай өлім жазасының тағайындалуы керектігін айтады.

Бірінші топтағы ғалымдар адам өлтіру жағдайында қысасты (жасалған қылмысқа қарай берілетін тура сондай жаза түрін) әмір еткен мына аятқа «Әй мүминдер! Сендерге қысас (есе қайтару) парыз етілді. Азатқа азат, құлға құл, әйелге әйел» (Бақара сүресі, 178-ші аят) сүйене отырып осы пікірді айтқан.

Әбу Ханифа да дәл осы аяттың бас жағындағы «өлтірілгендер жайында сендерге қысас парыз етілді» (Бақара сүресі 178-ші аят) аятына сүйене отырып, бір дәлел табылмайынша әртүрлі адам өлтіру жағдайларында қысастың, яғни тура сондай өлім жазасының тағайындалуы керектігіне байланысты осы пікірді айтқан. Бұл аяттағы «азатқа азат, құлға құл» сөзінің жалпылама бұл үкімді жаю үшін емес, жахилия қараңғылық дәуірінде кейбір тайпалардың өздерін өзгелерден артық, жоғары санап, адам өлтіру жағдайларында қысасты, яғни тура сондай өлім жазасын орындауға тырысқан әділетсіз іс-әрекеттерін жоюға қатысты екендігін атап көрсетеді.

Көріп отырғанымыздай, әр екі топ та өздеріне дәлел ретінде бір бірдей аятты көрсетіп, бірақ бір-бірінен өзгеше пікірлерді береді. Бұл өзгешеліктің айырмашылық түсіндіру, пікір білдіру мәселесінде туындағандығын көреміз. Әбу Ханифаның өзгелерден өзгеше көрінген бұл иджихатының астарында не жатқандығы жайында Серахсидің бұл мәселеге қатысты айтқан пікірлері жеткілікті деңгейде мәлімет береді. Ол, бұл туралы «қысастың жасалған қылмысқа

берілетін дәл сондай жазаның қажеттілігінің адам жанына құрмет көрсетуге қатысты теңдіктен туындағанын, ал құлдың азат болу жағдайының адам жанына құрмет көрсетуге қатысты теңдікті жоймайтындығын жоққа шығармайтындығын, сол себептен де Ханафилердің құлды өлтірген азат бостандықтағы адамға қысас дәл сондай жазаның жазасының тағайындалуы керектігін айтатындығын» атап көрсетеді.

Имам Ағзам Әбу Ханифа фикһ ғылымында үлкен ғалым болумен қатар ақайд және қалам саласында да салмақта ойлар ортаға қойған ойшыл-ғұлама болып табылады. Оның көзқарастары көпшілік тарапынан қолдау тауып, өзінен кейін исламда жеке мектеп ретінде қалыптасқан. Әбу Ханифа ислам тарихында харижиттер, жахмия, мутазила, мушабиха, қадария, жабрия, муржия және шииттердің жеке-жеке дүниетанымдық-теологиялық мектептер ретінде қалыптаса бастаған тұста өмір сүріп, Сунниттік қалам мектебінің жүйеленуіне алғышарттар жасап берді десек қателеспейміз.

Ислам әлемінде Құран мен сүннеттен дәлел табу жолдарының ерекшелігіне қарай 4 мазхабтың қалыптасқаны баршаңызға мәлім. Соңғы уақыттары білімсіздіктен мазхаб туралы жаңсақ пікірлер таралып жүргеніне де ел куә. Осындай негізсіз сөздердің салдарынан, қазіргі таңда діндар жастардың арасында Әбу Ханифа және Ханафи мазхабы туралы мәліметтерді мына үш бағытта тыңдай аласыздар:

1. Әбу Ханифаны Пайғамбарымыз (с.а.у) мигражда көріпті және оған батасын берген. Әрі ол үшін Алла Тағала «Сирожу хазихи уммаһ», яғни «Әбу Ханифа осы үмметке жол көрсетер шамшырақ» деп елшісіне таныстырыпты-мыс. Сондықтан Әбу Ханифа мазхабында қате болуы мүмкін емес [4].

Бұл әрине ғалымды дәріптеуде, өз мазхабын ерекше мазхаб ретінде көрсету жолындағы әсіре шектен шығушылық. Дінімізде бір адамды әсіре мақтауға тыйым салынады. Ал пайғамбарымыздың (с.а.у) атынан жалған сөз, оқиға құрастырудың түбі ахиреттік азапқа душар ететін ауыр күнә. Себебі Пайғамбарымыз (с.а.у) «Кімде-кім менің атымнан әдейі жалған сөйлейтін болса, ол адам өзі үшін тозақтан орнын дайындасын» деген.

2. Әбу Ханифа мазхабы Құранға және Пайғамбарымыздың (с.а.у) сүннетіне қайшы келеді. Себебі Әбу Ханифа мазхабында Құран мен сүннеттен бұрын мәселелерді ақылмен шешуге бірінші кезекте орын береді. Әрі Әбу Ханифаға 18 ғана сахих хадис жеткен, қалған үкімдердің барлығы қияспен, яғни ақылмен салыстыру жо-

лымен шығарылған. Сондықтан сахих хадистерді шариғи үкім шығаруда дәлелге қажет етпейді.

Бұл сөзді айтушылардың тобы өткен ғасырда бой көрсетіп, Ислам әлемінде «мазхабсыздық» деп сипатталатын жаңа бүлікші топтың өкілдері.

Айтылған сындардың ешбірі ғылыми тұрғыда дәлелденген емес. Сондай-ақ мұсылман үметі мойындаған ғалымдардың ешбірі Әбу Ханифаның ижтиहाдын бұлайша мін айтпағанын ескерер болсақ, демек бұл сөздер діни сауаты төмен ортада ғана таралғанын анық байқауға болады.

3. Ал соңғы топтағыларға тарих бойынша Әһли Сунна уал Жамаға ғалымдарының Әбу Ханифаның тақуалығын, әділдігін және ұшан теңіз білімінің деңгейіне тәнті болғандығынан еріксіз мойындап, біртуар ғалымды лайықты дәрежеде ұрпаққа танытқан мәліметтері.

Осы дереккөздерге сүйене отырып, Әбу Ханифа мазхабының өзге мазхабтарда жоқ бірнеше методикалық ерекшеліктерін баяндаймын. Олардың бастылары:

Әбу Ханифа мазхабының «Әһли рай» мектебінің әдісі бойынша дәлел шығаруымен өзге мазхабтардан ерекшелігі:

Әбу Ханифа рай, яғни, еркін ойлау, салыстыру арқылы шешім қабылдап, ақыл таразысын қолданатын мектептің өкілі еді. Құқықтың ислам бойынша негіздері қалыптасқан дәстүр бойынша Құран, хадис, ижма, қияс деп жалғасып кете береді.

Аталмыш рай әдісі бойынша, діни үкімнің мәні мен мазмұны Құраннан, ал оның жүзеге асырылуы, түсіндірілуі, ұғындырылуы пайғамбарымыздың (с.а.у) сүннетінен алынады. Құран мен хадисте ешқандай түсінік берілмеген тақырыптарда сахабалардың көзқарастары бойынша үкім шығарылады. Әр түрлі сахабалар бір үкімде түрлі көзқарас білдірген болса, сахабалардың фикһ ілімінде білгір болғанының пікірі алынады. Ал сахабалардың көзқарасы айтылмаған мәселелерде ғалымдардың «ижтихады» жасалады.

Әбу Ханифаның қалам ғылымымен байланысты және оған деген көзқарасы туралы деректерде әртүрлі мәліметтер бар. Бұлардың көпшілігін үш негізгі топқа бөліп қарауға болады:

1. Әбу Ханифа қалам ғылымымен айналысуды діни парыз деп біліп, ғылыми өміріне сенімдік мәселелерге қызығудан бастаған болатын. Куфа және Басра қалаларында өзін осы салада жан-жақты жетілдіріп таңдаулы қалам ғылымы болып, қайтыс болғанға дейін осы саладағы

ізденістерін тоқтатпаған. Расында да Мұхаммед бин Идрис әш-Шафи Әбу Ханифаны қалам ғылымының құрушысы ретінде қабылдады.

2. Әбу Ханифа бастапқыда қалам ғылымымен айналысады, бірақ сахабалардың сенімдік мәселелерімен айналыспағанын назарға алып, күнделікті өмірде халықтың кездесетін мәселелерін шешіп, соларға көмек беріп отырғандығы бізге мәлім.

3. Әбу Ханифа қалам ғылымымен айналысуды дұрыс емес деп тауып, өзінің ұлы Хаммадтан бастап, бүкіл шәкірттеріне тыйым салған.

Әбу Ханифаның қалам ғылымымен байланысына қатысты деректерде айтылған пікірлердің біріншісі мен екіншісі бір-біріне өте жақын. Екеуі де оның теологиялық пікірталастарға кіргенін және жаңа қалыптаса бастаған қамал ғылымының алғашқы өкілдерінің бірі болып табылатыны айтылған және ең дұрысы да осы болу керек деп ойлаймыз.

Имам Ағзам Әбу Ханифа фикһ ғылымында үлкен ғалым болумен қатар ақайд (ислам сенім негіздері) және қалам саласында да салмақты ойларын ортаға қойған ойшыл-ғұлама болып табылады. Оның көзқарастары көпшілік тарапынан қолдау тауып, өзінен кейін исламдағы жеке мектеп ретінде қалыптасқан. Әбу Ханифаның ақайдқа қатысты көзқарастарын шәкірттері Әбу Юсуф, Әбу Мутий әл-Балхи және Әбу Муқатил әс-Самарқанди тарапынан хатқа түсіріліп, кейінгі ұрпаққа жеткізілген «әл-Алим уәл-Мутааллим», «әл-Фыкһул Ақбар», «әл-Фыкһул Абсат», «әл-Рисала, әл-Уасия» деп аталатын трактаттарынан және басқа да мазхабтар тарихына қатысты кітаптардан көруге болады [5].

Ханафилердің ақайдқа қатысты көзқарастарын арнаулы әдебиеттеріне сүйене отырып төмендегідей тұжырымдауға болады:

1. Алланың барлығы: элем және оның ішіндегі болмыстар Алла тарапынан жоқтан жаратылды. Аспан денелерінің және барша дүниенің ешбір кемшіліксіз, жүйелі түрде жаратылуы, болмыстың бір күйден екіншісіне ауысып отыруы, сәбидің көркем бейнеде ана құрсағынан шығуы білушілердің білушісі және ғибрат иесі ұлы жаратушының барлығын көрсететін ашық айғақтардан болып табылады. Ақыл дауылды толқындарда ауыр жүк тиелген кеменің бір капитансыз дұрыс бағыт алуының мүмкін еместігін қалай қабылдаса, бұл элемнің де бір жаратушысыз бар болуын соншалықты мүмкін емес деп біледі. Әрбір адам осы нәрселер төңірегінде ойлана отырып, Алланың барлығына байланысты ақиқатқа қол жеткізе алады. Осы

себепті діни уағыз жетпегеннің өзінде әрбір ақыл иесі адам баласы Алланың барлығына, бірлігіне, ұлылығына сенуге міндетті.

2. Пайғамбарлық: Пайғамбарлықтың ақиқаттығы, пайғамбардың берген хабарларындағы дұрыс айтқандарына байланысты жәйттің Алла тарапынан адамдардың жүрегінде жаратылуымен белгілі болады. Пайғамбарлардың көрсеткен мұғжизалары ақиқат. Хз. Пайғамбардың саусағымен айды екіге айырғаны және мигражға шығуы осыған ұқсас жағдайлардан болып табылады. Пайғамбарлар Аллаға серік қоспайды, кіші және үлкен күнәлар жасамайды.

3. Иман – Күнә мәселесі: Әбу Ханифаның ойынша иман тілмен айтып, жүрекпен бекітуден тұрады. Амал иманның бір бөлігі емес, одан кейін келетін нәрсе. Адам иманының күшімен Аллаға құлшылық етеді, ораза ұстайды, қажылыққа барады. Намаз оқып, ораза ұстағандығына немесе қажылыққа барғаны үшін иман етпейді. Шындығында Құран-Кәрімде иман амалдан бөлек қарастырылған. Амалы жоқ адамға да мумин деген. Иман ете тұрып парыз амалдардан біреуін орындамаған адам күнәһар болады және бұл ісін халал деп есептемейінше күнә жасау бір мұсылманды діннен шығармайды. Оның азап көруі немесе кешірілуі Алланың қалауында.

Ханафи мазһабының негізін салушы Әбу Ханифа Ислам әлемінде туындаған саяси, дүниетанымдық және сенімдік бөлінулердің нәтижесінде әуелі Құран-Кәрімге, екінші оған қайшы келмейтін сахих хадистерге сүйеніп Ислам ақайдін (сенім негіздерін) белгілеуге әрекет жасаған ерте кезеңдегі ислам ойшылдарының көшбасында тұрған тұлғалардың бірі. Ол нақыл мен ақылды тең ұстаған. Оның ислам ақайдінің негізгі мәселелері төңірегіндегі көзқарастары ғалымдар арасында үлкен беделге ие болған. Матуриди мазһабынан бастап салафилер мен ашари ғұламалары тарапынан жалпы мағынада қолдау тауып, әрі қарай дамытылған. Ислам дініне қарсы топтармен Әбу Ханифа Алланың барлығын дәлелдеу үшін алғаш рет рационалистік әдістерді қолданды. Әлемнің «еш нәрседен» жаратылғанын айтып Алланың сыртқы дүниедегі (әлемдегі) бір болмыс екенін де бірінші болып Әбу Ханифа айтқан. Амалдың иманнан бөлек екенін және артып, кемімейтінін ортаға қою арқылы Салафия, Мутазила және Харижиттерге қарсы келген. Осылайша ол ислам ақайдінің негізгі мәселелерінде шектен шықпай, орта жолды ұстанған теологиялық жүйенің іргетасын қалаған және көпшіліктің ұстанатын Сунниттік қалам мектебінің қалыптасуына ал-

ғышарт жасап берген. Әбу Ханифаның көзқарастарын Әбу Жафар әт-Тахауи және шәкірттерінің шәкірттері болып келетін Әбу Мансур әл-Матуриди мен Әбул-Муин ән-Насафи дамытып, таратқан. Сенімдік мәселелерде ұстанған әдісі тұрғысынан және қамту жағынан Әбу Ханифадан үлгі алған Матуриди оған әлсін-әлсін сілтемелер беріп отырған және оның пікірлерін өз көзқарастарына тірек еткен. Әбул Муин ән-Насафи Самарқанд ғұламаларының Әбу Ханифаның көзқарастарын мазһаб халіне әкелгенін айтады. Уақыт өте Матуридидің ізбасарлары тарапынан дамытылған Әбу Ханифаның сенімдік (ақида) көзқарастары қазіргі кезге дейін келіп жеткен. Қазіргі таңда Ханафи мазһабы оның көзқарастарын ұстанатын Матуридилік атымен көпшілікке танымал.

Сөздікте «қайрат көрсету, бүкіл күшін жұмсау, алған бетінен қайтпау, қиыншылық көру» деген мағынадағы «ж-һ-д» түбірінен шыққан ижтиһад «бір мәселеде қолдан келген қайратты көрсету, қол жеткізу үшін бүкіл күшті жұмсау» дегенді білдіреді. Ижтиһад, насстардың (Құран мен Сүннет) ішкі-сыртқы мағыналарында жасырын жатқан діни үкімдерді ортаға шығаруға бағытталған адамның күш-жігерін, талпынысын білдіреді. Бұл талпынысты жасаған адамды мужтаһид дейді. Ижтиһад жасау Хз. Мұхаммед пайғамбар дәуірінен басталып сахаба, табиун және атақты мужтаһидтер кезінде де жалғасын тапқаны тарихтан белгілі. Ижтиһад, Құран және Сүннеттен шешімі табылмаған мәселелерді ақылға салу арқылы адамның жеке көзқарасына сүйеніп, жағдайдан шығу дегенді білдіргендіктен өзіндік бір ой қорыту, дүниетаным және көзқарас болып табылады. Ақылдың қызметіне сүйенген көзқарас болғандықтан ижтиһад тікелей болмаса да, жанама түрде бастауын Құраннан алады. Өйткені Құранда мұсылманды ойлануға, әлемдегі ерекше тәртіппен орналасқан дүниелерге қарап ғибрат алуға, ақылдарын қолдануға шақыратын аяттар өте көп. Тек қана ойлануға қатысты 65-аят бар. Сондай-ақ елуден астам «ақыл» деген сөз, он бір жерде «ақыл иелері» деген сөздер айтылады [6].

Мұсылман ғұламаларының басым бөлігі ижтиһад жасауды әрбір мұсылман үшін парыз деп санады. Алайда мұсылмандардың барлығы бірдей қабілетке ие емес. Ижтиһад жасау үшін діни ғылымдарды терең меңгеру шарт. Ханафи мазһабындағы ижтиһадқа келер болсақ, Әбу Ханифа тікелей бұл мәселеге қатысты еңбек жазып қалдырмаған. Оның ижтиһад әдісін шәкірттері жеткізген. Әбу Ханифаның ижтиһад

әдісін қысқаша былай көрсетуге болады. Кітап (Құран), Сүннет, сахаба сөзі, қияс, әдет-ғұрып және басқа ақылға негізделген дәлелдер.

Әбу Ханифа өзіне дейінгі және өзінен кейінгі жұртаһид ғалымдармен салыстырғанда қияс әдісін көп қолданған. Ханафи мазһабында Құран және Сүннеттен кейін діни үкім шығарудың үшінші формасы «ижма» келеді. Сөздік мағынасы бірнәрсені біріктіру, жинақтау, бір мәселе бойынша ой бірлігін жасау дегенді білдіреді. Ижманың діни әдебиеттердегі терминдік мағынасы «Мұхаммед үмметінің (жұртаһидтер) оның өлімінен кейінгі келетін замандарда діни бір мәселенің үкімін беруде ауызбіршілік етулері» деп көрсетілген.

Пайғамбардың өлімінен кейін сахабалардың алдарындағы туындаған мәселелерден шығар жалғыз жол, Құран мен пайғамбардың сүннетін жақсылап түсіну және түсіндіру болды. Ижтиһад деп аталатын бұл ой әрекетін пайғамбардың өзі тірі кезінде насихаттап, дағдылардың қалыптасуын қамтамасыз еткен болатын. Ислам құқықшыларының басым көпшілігі ижманы шарифатта дәлел ретінде қабылдайды және оны діни үкімдер иерархиясында, жоғарыда айтқанымыздай Құран мен Сүннеттен кейінгі орынға қояды.

Бүкіл мазһабтарға ортақ діндегі төртінші дәлел «қияс» болып табылады. «Қияс» сөздікте бір нәрсенің басқа бір нәрсемен өлшенуі, салыстырылуы, екі нәрсені бір-бірімен теңестіру деген мағыналарға сәйкес келеді. Терминологиялық анықтамасы «Кітап, Сүннет немесе Ижмада үкімі табылмаған мәселеге, араларындағы ұқсастықтарына, ортақ ерекшеліктеріне қарай, аталған қайнар көздердегі орын алған мәселенің үкімін беру» дегенді білдіреді.

Ислам құқығындағы келесі бір діни үкім шығарудағы әдіс «истихсан» болып табылады. Истиһсанның сөздік мағынасы бір нәрсені жақсы деп табу, жақсы көру дегенді білдіреді. Терминдік мағынасы «жұртаһидтің белгілі бір мәселені шешуде ижма, салт-дәстүр, қияс секілді арнайы және басым көрінген бір дәлелге сүйеніп, сол мәселеге ұқсас мәселелерде шарифаттың мақсатына анағұрлым сәйкес деп табылған басқа бір үкіммен үкім беру» болып табылады.

Истиһсанды Әбу Ханифа мен оның шәкірттерінің діни мәселелерді шешу барысында өте шеберлікпен қолданғандары және бұл әрекеттерінің кейбір ғұламалар тарапынан қолдауға, мақтауларға ие болғандығы, ал кейбіреулері тарапынан сынға ұшырағаны тарихи деректерден көрінеді. Тіпті, көпшілік истиһсанды тек қана Ханафи мазһабына тән әдіс ретінде

қарастырады. Алайда истиһсан ұғымының ханафилермен қатар малики және ханбалилердің діни ілімдерінде де маңызды орынға ие болғаны, басқа мазһабтардың тек оның атауына ғана қарсы болып, әдіс ретінде олардың тарапынан да басқа атаулармен қолданылғанын деректерден көруге болады.

Ханафи мазһабындағы діни үкім шығаруда қолданылған келесі бір әдіс «әдет-ғұрып» болып табылады. Ханафи мазһабын басқа мазһабтардан ерекшелеп тұратын тұсы да осы әдет-ғұрыптарға қатысты жері болып табылады. Ханафи мазһабында шарифат үкімдерінің негіздерінің бірі болып табылатын әдет-ғұрып фыкһ терминологиясында былай көрсетілген: «Қоғамның дағдыға айналдырып, өмір салттарында басшылыққа алатын сөздері мен іс-әрекеттері».

Әдет-ғұрыптардың шарифат негіздеріне қайшы келетін жағдайда дәлел ретінде қолданылмайтыны, тіпті тыйым салынуы туралы ислам ғұламалары арасында ауызбіршілік бар. Мысалы спирттік ішімдіктер ішу, құмар ойындарын ойнау, пайыз жеу сияқты іс-әрекеттер қоғамда әдетке айналған құбылыстар болғанымен, бұлар заман ағысына қарай өзгеріске ұшырамайтын, діни және қоғамдық кейбір жағымсыз іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында қойылған шарифат нормаларына қайшы келгендіктен, дұрыс әдет-ғұрып ретінде қабылданбайды. Ислам ғұламалары әдет-ғұрыптың дінде назарға алынуы үшін кейбір шарттар қойған: Бірінші шарт, әдет-ғұрыптың кеңінен қолданыста болуы керек. Егер үкім шығарылатын жердің халқы белгілі бір мәселе бойынша әртүрлі әдет-ғұрыптарды ұстанатын болса, ортақ қолданыста жоқ болса, онда ол әдет-ғұрыпты негізге алып діни үкім шығармайды. Екінші шарт, төреші рөлін атқаратын әдет-ғұрыптың сол мезетте бар болуы қажет. Үкім шығару кезінде бір әдет-ғұрып бар болып, кейін ол өзгеріп кетсе, үкім беретін кезде қолданыста болған әдет-ғұрып негізге алынады.

Байқап отырғанымыздай, ислами үкімдер шығаруға әдет-ғұрыптың маңыздылығы Ханафилікте алғашқы орынға шыққан. Әбу Ханифаның Құранда және Сүннетте, сахабалардың тәжірибесінде үлгісі табылмаған мәселелерде саһих (дінге қайшы келмейтін) әдет-ғұрыптарға діни пәтуа негіздерінен бірі рөлін беруі ислами үкім шығаруды жеңілдетумен бірге, оның мазһабын Аббасидтердің фыкһ мазһабы болуына ең ыңғайлы мазһаб дәрежесіне әкелген. Үлкен бір аймақты билеп отырған халифат аймақтағы ерекшеліктер мен қажеттіліктерді бақылап отыратын бір құқықтық жүйеге мұқтаж болды. Қазы



болатын адамға қызметіне баратын жерінің әдет-ғұрпын, аймақтың ерекшеліктерін білуді басты шарт ретінде қойылған. Ханафилік өзінің ғықл әдісі тұрғысынан аталған қажеттіліктерге жауап беруге ең лайықты, ең ыңғайлы мазһаб еді. Осының табиғи бір нәтижесі ретінде ол Аббаси халифатының ресми мазһабы болды және шамалағанда бес жүз жылдай қоғамдық тәжірибеде әлеуметтік-құқықтық қатынастарды реттеуде кеңінен қолданылды.

Хз. Мұхаммед пайғамбардың сөздері мен үлгілі, өнегелі іс-әрекеттерін білдіретін Хадис және Сүннеттің Ислам діні мен мәдениетінің басты қайнар көздері екендігі дау туғызбайды. Негізгі қайнар көз (бұлақ) Құран-Кәрімді түсінуде Хз. Мұхаммед пайғамбардың айтқандары мен іс-әрекеттері өте маңызды. Алайда Ислам тарихында Хадис пен Сүннет төңірегінде ортаға шыққан талас-тартыстар кейбіреулердің бұл қайнар көздерге күдікпен қарауына себеп болған. Мәселеге қатысты дау пікірталастардың маңызды бір бөлігі хабарлардың Хз. Мұхаммедке қатыстылығына байланысты болса, келесі бір бөлігі Сүннетті түсіну мен оны тәжірибеде қолдануға қатысты болған.

Әбу Ханифа мазһаб имамдарының арасында хадистерді сынауда Құранға негіздеу әдісін кең қолданған адам. Әбу Ханифа бұл әдісті көбіне даулы мәселелерде өзінің ұстанымын дәлелдеу үшін қолданды. Егер ұтымды қолданылған жағдайда, мұндай әдістің деректерді талдауда маңыздылығын ешкім жоққа шығара алмайды. Оның бұл әдіспен, негізінде сенімді емес әлсіз хадистерді Құранның таразысына салғаны байқалады. Ибн Хазмның айтқанындай «шындығында Құранға қайшы сахих (дұрыс, ақиқат) бір хабардың болуына мүмкіндік жоқ». Алайда Әбу Ханифаның өмір сүрген кезеңі, саяси, әлеуметтік және мәдени қақтығыстарға толы болғандығын және сонымен қатар жалған хабарлардың (хадис) көптеп шығарылып, қолданысқа енгізіле бастағанын есепке алсақ, қоғамдық өмір мен діни теорияда Құран секілді өзгермеген бір мәтінді төрелікке алу қажеттілігінің туындағаны анық көрінеді. Ханафилер хадис және сүннетті басшылыққа алу барысында төмендегі жәйттерге ерекше мән берген:

– Құранға сәйкестік: Ханафилердің Құранға сәйкестік мәселесі сахабалар заманынан тәжірибеде қолданылған жағдай болып табылады. Сонымен қатар, бұл басқа мазһабтардың да қабылдаған әдісі. Бұл мәселеде Әбу Ханифаның айтқандарына назар аударайық: «Алланың елшісі, Алланың кітабына қарсы келмейді. Алланың кітабына қарсы шыққан Алланың елшісі бола

алмайды. Пайғамбардан Құранға қайшы хадис айтқан адамды терістеу, пайғамбарды терістеп, жоққа шығару емес. Бұл тек қана пайғамбардан дінге қайшы хадисті айтқан адамды терістеу болып табылады. Кінә сол адамдікі, пайғамбардікі емес...». Әбу Ханифаның осы сөздерінен анық көрініп тұрғандай, оның хадистерді мәтіндік, мазмұндық жағынан талдауда басшылыққа алған ең маңызды нәрсесі Құранға сәйкестік мәселесі болып табылады. Оның шәкірттерінде де осы мұқияттылық байқалады.

Әбу Ханифа хижраның 80 жылы, Хз. Омардың әмірімен салынған Куфа қаласында дүниеге келді. Куфа жаңадан салынған қала болуына қарамастан, аз уақыт ішінде әртүрлі ұлт пен мәдениет өкілдерін бір жерге жинап, халық тығыз орналасқан үлкен мегаполис қалаға айналды. Әскери қала ретінде салынғанымен, кейіннен ірі сауда әрі білім орталығына айналды.

Әбу Ханифа мәдени-әлеуметтік құрылымы жағынан өте жоғары деңгейдегі қалада өмір сүрді. Ұзақ жылдар бойы өзінің сабақ алған ұстазы Хаммад бин Әбу Сүлейман арқылы Ирак рәй, пікір-көзқарас мектебінің негізін Куфада қалаған Абдуллаһ бин Мәсғудтың қалдырып кеткен ілім میرасына ие болды. Аталмыш мектептің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып ислам құқығының бір жүйеге келуіне үлкен үлес қосты. Өзінің жан-жақты терең ізденістерімен мыңдаған үкімдер шығарып көптеген мәселенің шешілуіне ықпал етті. Ол өзінің терең мағыналы ой-пікірлерімен бір жағынан көптеген сұрақтардың шешімін тапса, бір жағынан Исламнан бұрынғы әдет-ғұрыптарынан әлі арыла алмаған сол аймақтың халқының Ислам мәдениетімен қоян-қолтық араласуын жылдамдата түсті.

Сондай-ақ оның өмір сүру құқығын қорғаумен қатар, адамның жеке басының құқықтарына зиян келтірмеу мәселесіне де үлкен мән бергендігін көреміз. Ол, бұл жолда адамның мал-мүлік, ақша, дүние жұмсау еркіндігін қорғауды мақсат етіп, мал-мүлік, ақша, дүние жұмсау еркіндігінің адамның ең басты құндылықтарының бірі екендігін атап көрсеткен.

Ханафи ғұламаларының діни үкімдер шығаруда хадис және сүннетке деген ұстанымдарының басқалардан әдіснамалық тұрғыдан айырмашылығы бар. Бұл ерекшелік дінде дәлел ретінде көрсетілген хадис пен сүннетті Құранның таразына салу, қайшы келген жағдайда қабылдамау болып табылады. Мұның себебі, сол дәуірде жалған хадис шығару әрекеттері кеңінен таралған болатын және одан сақтанудың бірден бір жолы Құран негіздерін басшылыққа алу еді.

Бұл әдіс ешбір ислам ғалымы тарапынан жоққа шығарылмаған. Ханафилерді өз замандастары хадис мәселесінде оған қайшы әрекет етті, тіпті оны жоққа шығарды деп айыптаған. Бұл пікірлердің көбі негізсіз және субъективті екені деректерден белгілі. Ханафи ғалымдары хадис және сүннетті алуда ең әуелі оны адамдарға жеңіл, ыңғайлы келетін жақтарына назар аударған. Бұл жерде олар Құрандағы «Алла сізге жеңілдікті қалайды, қиыншылық емес» деген аятымен, пайғамбардың «Дініңіздің ең абзалы жеңіл болғаны» деген хадисін басшылыққа алады.

Ғылыми зерттеу жұмысы бойынша алға қойылған міндеттер өз шешімін тауып, ханафиликтің діни-философиялық негіздері зерттеу нысанына түсті. Исламдағы мазһабтардың шығуының басты себептері ретінде танылған діни-саяси және мәдени алғышарттар классикалық дереккөздерді талдау арқылы анықталды. Ханафи мазһабының қалыптасуы мен даму ерекшелігі, ондағы иджтиһад ұғымының дінді пайымдауда-

ғы басты шарт ретінде болып табылатындығы анықталды. Құран, хадис және сүннетке қатысты көзқарастарының ерекшеліктері айқындалды. Ханафи мазһабындағы ақайдқа қатысты негіздер анықталып, оның сунниттік қаламның қалыптасуына ықпалы зерделенді.

Күдік тудырған жағдайларда жазалардың жойылуы тағайындалмауы керектігі жайлы айтылған хадисті ұстанып, жазаның жойылуы немесе жеңілдетілуі керектігін айтқан.

Аят-хадистерден табылмаған мәселелерде немесе аят-хадистерді түсіндіруде ақыл-ойды бірінші кезекке қойып, аят-хадистерге қайшы келмегенше мәдени-әлеуметтік жағдайды назарға алған.

Бүгінгі күннің туындап отырған сұрақтары мен проблемаларының шешімін табуда, салауатты қоғам салтын қалыптастыру жолында Әбу Ханифаның иджтиһат жүйесін түсініп, оны қоғам өмірінде пайдаланудың беретін пайдасы мол деп есептеймін.

#### Әдебиеттер

- 1 Абжалов С.У. Ханафи Мазһабының қалыптасуы мен ілімдік ерекшелігі С.У. Абжалов // ҚазҰУ хабаршысы. Саясаттану сериясы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. – 2013. – №2. – 85-94 бб.
- 2 Әділбаев А. 921 жылы ханафи түркілер үшін ресми дін ретінде жарияланды / әңг. М. Шапийан // Аңыз адам. – 2014. – 37-42 бб.
- 3 Әділбаев А. Қазақстандағы Ханафи Мазһабының тарихи мәні мен қазіргі замандағы маңызы / Исламтану және араб философиясы мәселелері: халықаралық ғыл. симпозиум материалдары. – Алматы, 2013. – 62-72 бб.
- 4 Абжалов Султанмурат Утешович. Ханафи мазһабының діни-философиялық негіздері. – Алматы, 2008. – 94 б.
- 5 Әділбаев А. Ханафи ғалымдарының ислам фикһына қатысты негізгі еңбектері // Исламтану және араб филологиясы мәселелері: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. материалдары. – Алматы, 2013. – 76-86 бб.
- 6 Алау Әділбаев, Шамшат Әділбаева. Әбу Ханифа және ханафи мазһабы. – «Көкжиек-Б» баспасы, 2012. – 200 б.

#### References

- 1 Abzhalov S.U. Xanafi Mazhaby'ny'n kaly'ptasuy' men ilimdik erekshelegi S.U. Abzhalov // KazYU xabarshy'sy'. Sayasat-tanu seriyasy'. Filosofiya seriyasy'. Madeniettanu seriyasy'. – 2013. – №2. – 85-94 bb.
- 2 Adilbaev A. 921 zhy'ly' xanafi turkiler yshin resmi din retinde zhariyalandy' / ang. M. Shapiyan // Any'z adam. – 2014. – 37-42 bb.
- 3 Adilbaev A. Kazakstandagy' Xanafi Mazhaby'ny'n tarixi mani men kazirgi zamandagy' many'zy' / Islamtanu zhane arab filosofiyasy' maseleleri: xaly'karaly'k gy'l. simpozium materialdary'. – Almaty', 2013. – 62-72 bb.
- 4 Abzhalov Cultanmurat Uteshovich. Xanafi mazhaby'ny'n dini-filocoifiyaly'n negizderi. – Almaty', 2008. – 94 b.
- 5 Adilbaev A. // Xanafi galy'mdary'ny'n iclam fikhy'na katy'cty' negizgi enbekteri // Iclamtanu zhane arab filologiyacy' maceleleri: xaly'karaly'k gy'l. Lotazhiribelik konf. Materialdary'. – Almaty', 2013 – 76-86 bb.
- 6 Alau Adilbaev, Shamshat Adilbaeva. Abu Xanifa zhane xanafi mazhaby'. – «Kokzhiek-B» baspasy', 2012. – 200 b.